



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ  
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY  
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ  
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY  
**«Bilim berý praktikasy sapasyn  
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**  
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

**MATERIALDARY**

I KİTAP



I КНИГА

**МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ  
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**«Актуальные проблемы повышения  
качества образовательной практики»**

Qostanai q., 2019 j.  
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

**Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)**

**КБЖ 74.00**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

## ЫБЫРАЙ ШЫНДЫҚҚА ЖҮГІНГЕН

Серікбай Оспанұлы,  
Күлзада Мырзағалиева  
Ө. Сұлтанғазин атындағы  
Қостанай мемлекеттік педагогикалық  
университетінің профессорлары

Ел басқару ісінде болып, өмірден көңілге түйгені көп, ақылмен атасы Балғожа би Орынборға оқуға кетіп бара жатқан немересі Ыбырайға:

«Ақ жолда әділдікпен жүргендер бар,  
Адамға бұл сақылды болма қырын.  
Шамаң келсе нашардың жағында бол,  
Еш жанның ренжітіп тартпа жүгін.  
Нәсіп болып жете алсаң мақсатыңа,  
Ұлтыңа қызмет істе- бұл бір сырым,  
Кейін айтар сөзімді бүгін айттым,  
Өмірдің мағұлымсыз біліп түрін...  
қағаздан ақыл ұқсын деген осым,  
Болады өтірік-қас, шындық-досың»-дейді.

Ата ақылын бойына сіңіріп өскен Ыбырайдың бозбала кезінен-ақ өтірік-өсекке жаны қас болып, шындықты жақтағанын оның хаттарынан, қызмет бабынжа жазған рапорттары мен мақалаларынан аңғаруға болады.

Не бәрі 19 жасында Торғайға қызметке келген Ыбырай 1960 жылы, 18 қарашада Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Бекініске келген күнімнен бастап, тек бір ғана қолайсыздықты, оңбағандықты, өтірік-өсекті көрдім. Мені осындай істерге тартқысы келсе де, әзір Құдай аман сақтап келеді», -деп жазса, 1861 жылы жолдаған хатында жергілікті халықтың өзінен көп үміт күтетінін, әсіресе құрметті адамдар мектепке балаларын беруге ынталы екенін, олардың мемлекеттің заңын үйрет деп өтініш жасап жүргендерін айтып: «Ондағы ойлары кейін олардан закончиктер, демек, өсекшілдер шықсын дегені ғой, міне, олардың көздегені осы», - деп оларға әзірге ештеңе айтпағанын, өйткені өзі де заңды жақсы білмейтінін баян етеді.

Аңсары мектепте, оқушыларда, оларды қалай оқытамын, қандай пәндерден сабақ беремін деген ой мазалайды. Ильминскийден кітап сұратып алғанымен іс бітпейді. Орыс балаларына арналып жазылған кітаптарды қазақ балалары түсіне қоя ма?

Осы жайттарды жаза келе Ыбырай: «Әсіресе маған, бір адамға, жәрдемшісіз, оқу құралысыз ол өте қиын! Балалар күнбе-күнгі тәжірибеден тәлім алар деуге – мұндағы қоғамның түрі мынау», - деп түнеледі.

Шындық қой! Балалардың көргендері заңсыздық, зорлық-зомбылық, кедейлік, естігендері өсек-аяң, ұрыс-керіс болса, тәлім-тәрбиені қайдан алады?! Өздері жазу-сызу білмейтін оларға «я», «жоқ», «ит», «төбет» деген жеке сөздерді көшіріп жазуды үйреткеннен пайда жоқ. «Облыстық басқарманың мынадай нөмірі бойынша» деген сияқты, ресми сөздерді жаттаудан не пайда болмақ. «Орысша екі-үш сөзді ғана біліп алып, мектепте оқудан жөнді білім алмай, дұрыс түсінік алмай, олар адам болғансып, қазақ арасына барады да, өздерін көп білетін адам етіп, әсіресе, закончик етіп көрсетеді. Бұған қазақтар сене қалады. Сөйтіп, олар өздерінің азғантай білімін жауыздыққа жұмсайды, қазақтардың өздерін аяусыз жәбірлейтін болып шығады».

Тура, бүкпесіз айтылған шынайы көңілден, жаңашырлықтан туған ой. «Шала молда дін бұзар» деп қазақ дәл тауып айтқан ғой. Кешегі әліпті таяқ деп білмейтін шолақ белсенділер ісі еске түседі...

Ыбырайдың бұл хатынан албырттық та, ойлылық та, батылдық та байқалады. Сол тұстағы қоғам, оның жай-күйінің лебі есіп, өмір, еңбек жолына жаңа қадам басқан жас

жігіттің қалай қиналғаны, ішкі күйзелісі көрініс тапқан. Хат соңында: «Ақырында, бекіністің бастығы мектепке көбірек көңіл бөлетін болса, оны тезірек салып бітіруге тырысатын болса, бұл да жақсы болған болар еді. Бірақ, олар мұндай жұмысқа немқұрайлы қарайды ғой», -деп тағы жергілікті басшыларға күмәнмен қарайды.

Орынбор бекінісінің сол тұстағы бастығы барон Менгель балаларды оқытып, сауатын ашу ісіне немқұрайлы қарағаны шындық. Кейін ол қызметтен кетіп, орнына Яковлев келгеннен соң жағдай мүлде өзгере бастайды. Екеуі бірлесіп қызмет істеп, мектеп ісі де алға басады. Жалпы рухани дүниемізге онша көңіл бөлмей, оған қалай болса солай қарау қазіргі басшылар ісінен де байқалады.

Не жеймін, не ішемін деп тарықпай өскен бозбаланың өмірге жаңа қадам басқан сәтте сол бір қиын-қыстау кезеңнің құйтарқы әрекеттері мен жетіспеушілігін өз көзімен көріп шошынуы табиғи жайт. Ел ішін аштық, жалаңаштық жайлаған. Оны ескеріп, қол ұшын созып жатқандар жоқ. Патша үкіметінің жергілікті басқару қызметтерінде жүрген чиновниктер кедей-кепшіктердің оқымағандығын, заңды біле бермейтінін пайдаланып, зорлық-зомбылық көрсетуі, әділетсіздік жасаулары оны толғандырмай қоймады. Сондықтан да ол 1861 жылы 6 маусымда А.А.Боброинковке: «... Орынбордан мұнда қызық көремін деп келіп, мен бекіністің бір аласапыран кезінде тап болыппын; тіпті өз басымның қалай аман қалғанына таңмын. Барып тұрған жалғыздық, жұрттың бәрінен де, оның қай-қайсысынан да сақтана жүру, жабырқану, түңілу—міне , менің Орынбор бекінісіндегі жайым осы», -деп күйзеле сыр шертті.

Оны тағы бір күйзелткен жайт, бекініс басшыларының арасындағы алауыздық пен бақталастық, жағымпаздық еді. Бұл талас-тартыс, жоғарыда айтқанымыздай, бекіністің бұрынғы басшысы орнынан кетіп, Я.П.Яковлев тағайындалғаннан кейін ғана басылып, ел тыныштала бастайды.

Шындықты сүйіп, шындыққа жүгінген Ыбырай туған-туыстарына да жаға бермеген. Ол енді бір хатында өтірік-өсекті қоздырып жүргендердің арасында өз жақындары да бар екенін жасырмай: «Қызмет бабында мен қазақтармен жиі-жиі ұстасып қаламын, олардың ішінде менің өз туыстарым да бар», -деп ағынан жарылады. –Олардың сырын жақсы білемін. Көбін тек жек көремін. Қазақ арасындағы қызмет адамдарын да көңілім тіпті сүймейді. Олар кедей қазақтарды, қарсылық көрсете алмай қасқырдың аузына жем болатын қорғансыз момындарды адамшылдықтың шегінен шыға, арсыздықпен тонайды, талайды. Соларды көргенде менің жұмысым болмаса-дағы мен өте қатты күйінемін», -деп бас-аяғы оншақты жылдың ішінде жемқорлықпен байып шыға келген алаяқтың бұл қылмысты ісін біліп қалған өзіне жау болып, реті келсе елден қуып жібергісі келіп жүргенін айтады (Н.И.Ильминскийге 1864 жылы 14 сәуірде жазған хатынан).

1868 жылғы әкімшілік реформа жүзеге асырылуына байланысты шаруашылықты басқару, жүргізудің бұрынғы қалпы бұзылып, жер үшін тартыс, болыстыққа талас күшейді. Жаңа болыстар мен ауылдар пайда бола бастады. Торғай болысында 1869 жылы 149 ауыл болса, 1894 жылы 318-ге дейін жеткен[1,492]. Ондағы мақсат – салық саясатын өзгертіп, түтін салығын жетілдіре түсу еді. Яғни, әр түтіннен (әр үйден –С.О.) алынса, алым-салықтан түсетін қазына табысы ұлғаятыны ескерілді. Бұл жергілікті халықты ашықтан-ашық тонау болатын.

Ыбырай, міне, осы реформаға қарсылық білдіріп, «Қазақ қасіреті» деген мақала жазады. Онда ол мұндай өзгерістер жұтқа апарып, халықты аштыққа ұрындыратынын, Торғайда 1879-1880 жылдарда болған жұт пен аштық қазақтардың отырышылыққа ойыса бастауынан, орыс переселендерінің қазақ жеріне келіп қоныстанып, жайлымдықтардың тарыла бастауынан екенін жергілікті ақындар өлеңін мысалға келтіре отырып дәлелді жеткізеді.

Болыс, елуліктер арқылы шен- шекпенділерді сайлау ашықтан-ашық паракорлық пен болыстықтағы басты орынға және сый-құрметке ие болуға ұмтылған қазақ



билеушілерін малын ақырғы тұяғы қалғанша сайлаушыларға беруге жұмсауға итермелейтінін, лауазымға ие болғаннан кейін шығындарының орнын парамен толтыруға тырысатынын, болысты бірнеше партияға бөлу–жақтастар арасында бітіспес дұшпандық тудыратынын, бишікештер тарапынан қысымдар, істі әділетсіз шешу, жәбір көргендердің бітпейтін арыздары көбейетінін айтады. «Ондықтар мен елуліктер жер дауларын шешкенде де қазақтар олардан дәл сондай сұмдықты көреді,- дейді одан әрі автор,- олардың алалаушылық шешімі қазақ шаруашылықтарын өмір мен өлім мәселесіне дейін апарды; мұнда да жауласушы тараптардың ықпалы араласады, жасырын саудаласу жүргізіледі, әрине, кедейлердің бұған шамасы жетпейді».

Ыбырай қазақтардың тағы бір қасіреті- «Торғай облысының екі уезін казактар мекендейтін Орынбор губерниясына қосады екен» деген қауесеттен туындаған қауіп екенін ескертіп, олай болған жағдайда казактар мен қазақтар арасында наразылық туатынын, оның қазір де барын тәптіштей түсіндіреді. Орал казактарының қазақ жеріне қоныстанып отырғанын айтып, «бұл тарихи шындық» дейді. Тіпті қазірдің өзінде казактар егін шаруашылығына қолайлы деген қалған жердің азғантай бөлігіне құмартуын қоймай отырғанын жеткізеді.

Ыбырай Күдері Жолдыбайұлының «Қазақтың зары» өлеңінің алдына «Қазақ қасіреті» деген алғы сөз жазып, 1882 жылы Торғай облыстық әскеи губернаторына жібереді.

Әскери губернатордың міндетін атқарушы вице-губернатор В.Ильин Ы.Алтынсариннің «Қазақ қасіреті» жазбасы мен өлеңдердің сөзбе-сөз аудармасын алғаннан кейін, 1883 жылы 31 қазанда ішкі істер министріне: «1868 жылғы Уақытша ереже негізінде құрылған жергілікті қоғамдық мекемелердің жұмысындағы кемшіліктерге халықтың көзқарасының нақ осы өлеңдерде көрініс табуы назар аудартады. Мен бұл өлеңдерді аудармасына қоса, сіздің мәртебелі құзырыңызға ұсынуды міндетім деп санаймын» деп мәлімдей отырып, «Уақытша ереже бойынша қырғыздардың қоғамдық басқару құрылымы туралы» ұсыныстарын жолдайды. [2]. Сондай-ақ, Ыбырай 1883 жылы 31 қазанда осы өлеңді алғы сөзімен қосып «Оренбургский листок» газетіне де жібереді [3]. Қалай екені белгісіз, аударма Орынбордағы П.Распоповтың қолына тиеді.

Бұл – 1880 жылы 7 июньде Мәскеуде А.С.Пушкинге арналған ескерткіштің ашылу салтанатына қазақ елінен өкіл болып қатысып, Мәскеудің дворяндар жиналысы залында «Қазақ хрестоматиясы» жарық көргенін, онда Ы.Алтынсарин Пушкинді қазақ тілінде сөйлеткенін, енді ұлы ақын шығармаларын қазақ балалары да оқи бастағанын айтқан Распопов еді.

П.Распопов Ыбырай өлеңін жолма-жол орысшаға аударып, өзі дайындап жатқан 1885 жылы жарық көруге тиіс «Образцы киргизской поэзии в песнях эпического и лирического содержания» деген кітапқа енгізбек болып 1883 жылдың 12 қарашасында ішкі істер министрлігі жанындағы баспасөз басқармасына хат жолдап, рұқсат сұрайды.

Министрліктің баспасөз басқармасы П.Распоповқа қайырған сол жылдың 8 желтоқсандағы жауабында министрдің бұл шығарманы кітапқа кіргізуге қарсы екенін хабарлайды. Басқарманың мұндағы дәлелі өлеңде «патшалық билеуге, оның жергілікті билеу орындарына қарсылық бар екен», - дейді. Сөйтіп, Ыбырайдың қолынан өткен шығарма Ішкі істер министріне дейін барып, ақырында еш жерде жарияланбай қалады» [4,80 б.].

Ыбырай зерттеушісі, ғалым Ә.Дербісәлин кітабынан алынған бұл сөздерді Ресей Мемлекеттік архивіндегі «Дело о запрещении к печати равных рукописей, в том числе перевода на русский яз. Казахской песни «Горе киргиза» / для «Сборника образцов киргизской народной поэзии составленного П.Н.Распоповым [ЦГИАЛ,ф. 776,оп. 20 д № 595 1883-1884 Л.Л, -18-20.] деген жолдар растай түсті. Бұл құжатта 1883 жылдың 26 сәуірі мен 1884 жылдың 31 ақпанына дейін түскен 33 бет материал сақтаулы екен.

Өлкеде отаршылдық өкімет билігі қарудың күшімен жүзеге асты. Оны Сұлтан Ханғали Арыстанов қозғаласының (1869) қалай тоқтатылғанынан-ақ айқын аңғарамыз. Ал Торғай бойының арғын, қыпшағы бұл көтеріліске қатыспады. Өйткені сол кездегі көзі ашық, оқыған, ел ардақтайтын атпал азаматтар Тілеумұхамед Сейдалин, Мақсұт, Сейітхан Жантөриндер мен Қозыбек Шегенұлы «Қырғынға ұшырайсындар» деп қарамағындағы халықты аман сақтап қалды. Оның үстіне Патшалық әкімшілік үсті-үстіне жарлық шығарып, жергілікті жерлерде темірдей тәртіп орнатты.

Мәселен, отарлаушы чиновниктердің өкілдігі мен рөлін арттыру мақсатында 1870 жылы 19 сәуірде бекітілген ережеде (№53397): «... болыстар мен ауыл старшындары қызмет бабында сәл теріс қылықтар жасаған болса, онда уезд бастықтары тарапынан ескертулер, сөгістер алады, 5 рубльге дейін ақшалай айып төлейді немесе 7 күнге тұтқындалады» [5,375-376],-деген қаулы шықты. Сөйтіп орыс өкіметінің өкілдеріне шексіз билік беріліп, олардың іс-әрекетіне ешкім бақылау жасамады. Ойларына не келсе, соны істеп, жүгенсіздік жасағандарымен де жауапқа тартылмайтын болды. Ал, қарсылық жасап, келіспеушілік көрсеткендер қылмысты саналып, жазаланып отырды. Полицейлер, күзетшілер пайда бола бастады.

1879 жылдың 5 ақпанында «шабындық жерлерді және қыстық жайылымдарды қорғау үшін салт атты жігіттердің «Қоғамдық күзетін» ұйымдастыру туралы Торғай уезі билеушілеріне нұсқау, «Малды, шабындық жерлерді және қыстық жайылымдарды қорғау үшін Торғай уезінің болсытарында «Қоғамдық күзет» ұйымдастыру туралы, «Торғай уезі билерінің төтенше съезінің қазақтардың иесіз қалған мүлкінің құнын уездік қоғамдық кассаға қосу туралы қаулысы» (1878 ж. 14 қаңтар), «Билер съезіне қатысушыларды қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындар туралы Торғай уезі билерінің төтенше съезінің қаулысы» (1878 ж.14 қаңтар) атты құжаттарды түпнұсқаға сәйкес Торғай уездік басқармасының іс жүргізушісі Ы.Алтынсарин дайындап, түпнұсқасына Торғай уезі бастығы полковник Яковлев қол қойған.

Осы құжаттардан-ақ әкімшілік реформаға байланысты Торғай уезінде қандай өзгерістер болғаны көрінеді.

Ы.Алтынсарин қызмет бабымен бұл нұсқаулар мен қаулыларды дайындап, оған қол қойғанымен, әкімшілік реформаға үзілді-кесілді қарсы болып, шындыққа жүгінгенін оның жоғарыдағы «Қазақ қасіреті» мақаласында айдан анық бедерленген.

1880 жылы 14 ақпанда В.В.Катаринскийге жазған хатында Троицкі мектебінің бала оқытуға қолайсыздығын, екі сыныптың мектепке 300 сом ақшаға үй жалдап алуға болатынын, оған Троицкінің барлық жағдайы бар екенін, бірақ жергілікті басшылар көңіл бөлмей отырғанын айтады. Ырғызда мектеп үйін Р. дегеннің пәтер етіп алғанын, оның үстіне уезд басқармасын да сонда көшіргенін, тіпті мектеп үйін бір саудагерге жалдап, оқушыларды шоланға апарып орналастырғанын қынжыла жазып, бұрынғы қазақ әкімдерінің орнына апарып қойған әкімдердің халық ағарту жұмысы жөніндегі қамы осындай деген тұжырым жасайды. Одан әрі «Келешекте не боларын білмеймін, бірақ жергілікті әкімдер тарапынан ешбір жақсылық күтуге болмайтын сияқты... халықтың қараңғылығымен емес, қоғамның әл-ауқаты мен мәдениетін көтеруге көмектесу үшін үкімет өзі қойып отырған білімді адамдармен күресуге тура келеді»,-деп түйіндейді ойын.

Ыбырай Н.И.Ильминскийге 1884 жылдың 14 қыркүйегінде жазған хатында жыл басынан бері жақын туыстарының арасында көп жылдардан бері келе жатқан жауыздықпен күресуге тура келгенін баян етіп, оның қалай, неден басталғанына тоқталады.

Бұл жағдай ұлы ұстаздың Орынбор оқу округінің басқармасына жазған мәлімдеме хатында да айтылады:

Ыбырайдың немере туыстары Әлім Қылышбаев пен Омар Қошанов болыстыққа таласып, бір-бірімен көрместей боп араздасады. Өздері бір- бірімен қырғи қабақ болып қана қоймай, ел арасын жікке бөліп те үлгірген.

Туған- туыстар жиналып екеуін ымыраластырып, келісімге келтіруді Ыбырайға тапсырады. Алайда екі ағасы қасарысып, оның айтқанын құлақтарына ілмейді. Екеуінің ымыраға көнбесіне көзі жеткен Ыбырай мен туған- туыстары елдің қамын ойлап қоғамдық қызмет ісін атқаруды тума жағынан жақын тағы бір немере ағасы, жасы Әлім мен Омардан үлкен, шен шекпенге мүлде қызыға қоймайтын, момын, ұяты бар, елге құрметті Күлік Жаңбыршин деген кісіні ұсынады. Екі жақ келіскендей боп тарасады. Алайда, мұны кек тұтқан Әлім Қылышбаев попечительге, губернаторға, ішкі істер министрлігіне «Қызмет адамдарын сайлауға орынсыз қол сұқты» деп Ыбырайдың үстінен арыз жаздырады.

Мәлімдеме хат соңында Ыбырай: «Арақарағай болысын мекендейтін қалың қауым ішінде ондаған жылдар бойы жік тартысын өршітіп отырған бұл сияқты саяси сенімсіз кісілердің ел арасындағы теріс қылығын әшкереленім үшін мені Қылышбаевтың жағындағылар ғайбаттайды,-деп жазады.- Ел ішінде жік туғызды демекші болады. Бірақ ол сірә дә шындыққа жанаса ма екен. Немере ағаларым алдындағы әділ шешімім үшін және әлденеше рет ашықтан-ашық Қылышбаевтың теріс қылығын бетіне басқанымды мен өзіме ұят санамаймын, қайта азаматтық борышымды өтедім деп білемін».[6.].

1884 жылдың 14 қыркүйегінде Ильминскийге жазған хатында «Бұл айтылған қолайсыз әңгімелердің үстіне мен татарлар мен татаршылдардың да өзіме қарсы көп жасырын жау шығарып алдым, - міне, осындай нахақ жалалардың бәрі жиналып, менің сезімтал және осындайда әлсіз жанымға өте жаман әсер етеді... Қайтерсің, қымбатты Николай Иванович! Заман осылай болған соң, амалын тауып, мүмкіндігі болған жерде, қазақ халқының елдігін бұзып, болашағын бүлдіріп жатқан жауыздыққа қарсы күресе беру керек», - дейді.Әділ болу, шындықты айту қиынның қиыны. Расын айтып, өтірігін шығарсаң, туысқаның да жау болып шыға келетінін жоғарыдағы әңгімелерден-ақ айқын аңғарасың.

Ыбырай қазақ тілінің тазалығы үшін татаризммен күресті,іс қағаздарын таза қазақ тілінде жүргізу керектігін айтты. Шәкірттерін де таза қазақ тілінде сөйлеп, тілді шұбарламауға баулыды. «Татарлар мен татаршылдардың қарсы болып, жауына айналуы сондықтан. Шындығында әр халық өз тілінде сөйлесе, несі айып?! Тіліміздің шұбарланып, ел іші лауазымға, атақ-даңққа, шен-шекпенге таласып, жікке бөлініп айтысып жатқанын көре тұра қалай үндемей қала алады?! Сондықтан да ол «Суға батып бара жатқан кісіні көре тұрып қол ұшын бермеу – арамдық болар еді» деп, қол ұшын берудің өзі де қауіпсіз емес екенін қынжыла айтады. «Қажетті жерінде мені бастықтардың өздері де қолдайды ғой деп сенуші едім; бірақ бұған да сене беруге болмайды екен», - деп, осы айтқаным қалай болар екен, - деп, қаймығып, жалтақтамай тағы да шындықты Ту етіп ұстайды. Үкіметке, басшыларға сенуден қалған, маңайы толған жалғандық, жағымпаздық, немқұрайлылық. Алайда алған бағытынан таймай «Ал енді құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан ешуақытта қайтпаймын. Құдайым тек адам баласының жауыздық қылықтарына қарсы тұруда, нахақ жала-жапсардың күйігінен арманда кетпеуге дем берсін»,- деп өршіл рух танытады. Сол өршіл рух, шындыққа жүгіну, ел қамын ойлау оны биіктерге алып шықты. Арманы орындалды, елімнің бағыт-бағдар берер жарық жұлдызына айналды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Добромыслов А.И. Тургайская область, Исторический очерк // Известия Ор. отд. ИРГО. Вып. 17.
2. Центральный государственный архив. Ф.25, Оп. 1.д. 2022.
3. Орталық Ғылыми кітапхана қолжазбалар қоры,1165 бума.

4. Дербісәлин Ә Ыбырай Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы.- Алматы: 1965.
5. Крафт И.И. Сборник указаний.
6. Мәлімдеме хат // Социалистік Қазақстан № 252, 1 ноябрь, 1996.-3 б.

## **АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ ЗАМАН ТАЛАБЫ**

Оташева Салтанат Қонысбайқызы,  
Арқалық медициналық колледжінің тарих  
пәнінің жоғары санатты оқытушысы  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

### **Аннотация**

*Педагогикалық технология оқу үрдісімен, яғни мұғалім мен оқушының іс-әрекеті мен, оның құрылысы мен, құралдармен, әдістері және түрлерімен түбегейлі байланысқан. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнен асқан шеберлікті, арнайы дайындық пен ізденісті, сауаттылықты қажет етеді.*

### **Аннотация**

*Педагогическая технология тесно связана с учебным процессом, т.е. с деятельностью учителя и ученика, его строением, средствами, методами и видами. Освоение новых технологий требует от учителя высокого мастерства, специальной подготовки и поиска, грамотности.*

### **Abstract**

*Pedagogical technology excellent rdsen, any mugalim me ousine IC-reket me, any urility me, Alderman, deter and trimen tagal Balanescu. The new technologian meguru man Asan search, Arnie dayindi pen sdest, sattelite aget eted.*

**Түйінді сөздер:** елбасының жолдауы, инновация, жаңашылдық, үрдісі, парадигма.

**Ключевые слова:** Послание Главы государства, инновации, новаторство, тенденции, парадигма

**Keywords:** Message of the Head of state, innovation, innovation, trends, paradigm.

Елбасының жолдауында "Білім беру жүйесі реформасының орталық буыны осы заманғы білім беру үрдістерін, ақпараттық технологияларды жаппай енгізу, бұл кезеңде назардағы оқушылардың біліктілігін арттыруына аудару қажет" дегендей, біз инновациялық оқытуды тәжірибемізге енгізіп, ойлау қабілеті дамыған, өз бетінше шешім қабылдай білетін білімді ұрпақты тәрбиелеуіміз қажет.

"Инновация" термині ғылымға ХІХ ғасырдан енді. ХХ ғасырдың екінші жартысында инновация әлеуметтік өзгертулердің жалпы үрдістерінің сатысы бойынша қарап, оның негізгі элементтері атап көрсетілді: жаңашылдық", "жаңашыл", "бағалаушылар". Үрдістің сындарды, өзгермелі мерзімін қандай да бір жаңа енгізілмелерге сойкес "бағалаушылардың» іс-әрекетіндегі өзгерістер айқындайды.

Жаңашылдық - нағыз құрал, ал инновация осы құралды меңгеру үрдісі. Сауатты түрде таңдап алынған жаңашылдық барынша мүмкін дәрежеде жаңа енгізілімнің табысқа жетуіне кепілдеме беруі тиіс. Инновациялық үрдіс деп жаңалықты жасау, меңгеру, пайдалану және тарату бойынша жүргізілетін кешенді іс-әрекетті айтады. Бүгінгі жағдайда жаңа ғылыми, тәжірибелік білімді жасау және оларды меңгеру мен іске асыруды инновациялық тұрғыдан қарастыруға болады. Педагогикалық технология оқу үрдісімен, яғни мұғалім мен оқушының іс-әрекеті мен, оның құрылысы мен, құралдармен, әдістері және түрлерімен түбегейлі байланысқан. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнен асқан шеберлікті, арнайы дайындық пен ізденісті, сауаттылықты қажет етеді. Инновациялық оқыту білімді терендетумен қатар оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Бұл жаңа технологиялар шығармашыл



## МАЗМҰНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

### ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

<i>Әбіл Е. А., Университеты и их влияние на развитие регионов.....</i>	3
<i>Бережнова Е. В., Принцип информатизации образования: долгий путь научного обоснования.....</i>	6
<i>Оспанов С., «Рабғұзи қиссалары» және Ы. Алтынсарин.....</i>	10
<i>Онищенко Е.А., Координация управления взаимодействием педагогов опорных школ с целью развития исследовательских навыков учителей.....</i>	13

### СЕКЦИЯ 1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ОЙЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

#### СЕКЦИЯ 1. АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРИОРИТЕТНЫХ ИДЕЙ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»

<i>Абуталипова А. Б., Салмаганбетова А.К., Рухани жаңғыру – рухани даму кепілі.....</i>	16
<i>Адиятова А. Т., Султангиреева Н. С., «Рухани жаңғыру» – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі.....</i>	19
<i>Акижанова А. Ж., Ниязбаева Б. Б., Рухани жаңғыру және латын әліпбиіне көшу – болашаққа табысты қадам.....</i>	22
<i>Алгожина Т. Ш., Исакова А. К., Рухани жаңғыру – жас ұрпаққа салынған сара жол.....</i>	25
<i>Альмагамбетова З. А., Роль классного руководителя во внедрении современных тенденций образования программы «рухани жаңғыру».....</i>	28
<i>Арсеева С. Б., Исакова Ш. С., Педагогические идеи и.алтынсаринана уроках русского языка и литературы.....</i>	30
<i>Артёмова Е. М., Роль методологии как концептуальной основы модернизации образования в РК в контексте «рухани жаңғыру».....</i>	35
<i>Ахметов Т. А. Изучая наследие Ибрая Алтынсарина.....</i>	40
<i>Балгабаева Г. З., Байжанова С. А., «Рухани жаңғыру» басым идеялары негізінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....</i>	43
<i>Балжанова А. М., К вопросу о воспитании патриотизма современной казахстанской молодежи.....</i>	46
<i>Бейбитқызы Г., «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің бағыттары.....</i>	50
<i>Бекбосынова Н. С., Современные тенденции образования в РК в контексте «Рухани жаңғыру».....</i>	53
<i>Бектурганова Р. Ч., К вопросу об осмыслении обновления содержания образования.....</i>	58

<i>Берденова А. С.</i> , «Воспитательный потенциал социума в формировании активной позиции личности: сохранение духовно-нравственных ценностей, интереса и уважения к истории, культуре и традициям родного края».....	61
<i>Борамбаева А. Б., Изделева Г. А., Нурканова А. Т.</i> , «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жүзеге асыру жолдары.....	64
<i>Виниченко О. В., Шатских А. А., Синнер Т. А.</i> , Воспитание толерантности у младших школьников, как одно из приоритетных направлений в рамках программы «Рухани жаңғыру» .....	67
<i>Даумова Б. Б.</i> , К вопросу о формировании этнотолерантных качеств молодежи в контексте « рухани жаңғыру» .....	70
<i>Должикова И. И.</i> , The theoretical aspects of integration natural-mathematical cycle and english.....	75
<i>Досмухамедова Р. К.</i> , Реализация общенациональной идеи «Рухани жаңғыру» на уроках географии и краеведения.....	78
<i>Жанабаева А. Т.</i> , Творчество – высшая форма активности педагога и учащихся.....	82
<i>Жургумбаева А. А.</i> , Рухани жаңғыру – жаңартылған білім беру мазмұны білімнің жаңа сапасының кепілі .....	85
<i>Журкубаева Г. Т.</i> , Краеведение, как фактор развития исследовательской деятельности.....	88
<i>Игисенова У. С., Михеева М. В., Соболева Н. В.</i> , Актуальные направления современного образования в контексте приоритетных идей «Рухани жаңғыру».....	91
<i>Исетова Б. К.</i> , «Военно – патриотическое воспитание и реализация идейной платформы «Рухани жаңғыру» на уроках математики» (на примере историко-краеведческого материала г.Костаная).....	95
<i>Ишмухамбетова Б. М.</i> , Применение многоязычия в современной образовательной системе.....	99
<i>Кабылдина А. Т., Шакиржанова Ж. М., Копбаева А. Г.</i> , «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....	102
<i>Кажохметова Д. Б., Тусова А. Ж., Курмангалиева А. А.</i> , Оқушылардың оқу белсенділігін арттырудағы топтық жұмыстың тиімділігі.....	106
<i>Калимарданова Г. Д., Серикова Л. С., Бегманова К. Д.</i> , Тұлғаның өмірлік тәлімі-жаңа ұрпақты рухани және патриоттық тәрбиелеудің негізі.....	110
<i>Караичев Д. И.</i> , Формирование финансовой грамотности старших школьников через программу дополнительного образования бизнес-клуб. ....	113
<i>Кенжегалиева С. К.</i> , Мектеп мұражайы: білім мен тәрбие берудің бір бағыты.....	117
<i>Кожубаева А. Ж.</i> , История развития и своеобразие прикладного искусства казахского народа на примере ковроткачества.....	122
<i>Курманова А. А., Бекбаева С. Т., Утенова З. Т.</i> , Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа білім беру жүйесі.....	126
<i>Көшегалина А. М.</i> , Ыбырай Алтынсариннің ағарту – педагогикалық мұраларын қазіргі кездегі білім саласында қолдану.....	128
<i>Қайырбек А. К.</i> , Тьютор - как элемент педагогической деятельности.....	132
<i>Леванова Т. А.</i> , Тьюторское сопровождение профессионального самоопределения обучающихся в условиях общеобразовательной школы.....	134
<i>Мельникова Т. В., Мехова А. И., Булатова Р. Г.</i> , Современные тенденции развития начального общего образования в рамках программы «Рухани жаңғыру».....	138
<i>Миничкина С. Б.</i> , Творческое и духовное развитие учащихся в студии эстрадного вокала «солнышко».....	142
<i>Мухамбетжанова З. С., Колдасбаева Е. Д.</i> , Білімнің салтанат құруы рухани жаңғыру болашаққа бастар жол.....	144

<i>Мухамедкалиева Б. М., Карибаева Г. Т., Байсаматова Ж. М., Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында «рухани жаңғыру» бағыттарын іске асыру жолдары.....</i>	149
<i>Мырзағалиева К. М., Абдрашева А. Қ., Ы.Алтынсарин мен Я. П. Яковлев.....</i>	152
<i>Нұрмұхаметова Қ.Т. Ұлттық құндылықтың негізі – рухани жаңғыру кепілі.....</i>	156
<i>Нуркина Б.Ә., Дүйсембаева Г.Т., Ибраева М.Д., Білім беру саласында дара ұстаздың рөлі.....</i>	160
<i>Нурмуратова К. А., Функциональная грамотность как основа развития гармонической личности в современных условиях.....</i>	163
<i>Орынбаева Ж. Т., Орынбаева Г. Т., Жусупова Л. А., «Рухани жаңғыру» бағдарламасының идеяларын әдебиеттік оқу және дүниетану пәндерін кіріктіру арқылы жүзеге асыру.....</i>	168
<i>Оспанұлы С., Мырзағалиева К. М., Ыбырай шындыққа жүгінген.....</i>	171
<i>Оташева С. Қ., Ақпараттық технологияларды білім беру үрдісінде қолдану заман талабы.....</i>	176
<i>Отынбаев Д., Мұғалімнің мәртебесі туралы.....</i>	179
<i>Пестрецова О. Г., Формирование основ функциональной грамотности через интеграцию элементарных экономических знаний в содержание предметов начальных классов в рамках реализации программы «рухани жаңғыру».....</i>	182
<i>Петрушка А. Ю., Смаглий Т. И., Временная компетентность и ее роль в профессиональной деятельности педагога.....</i>	187
<i>Ташенова Р. Т., Хамзина Г. З., Современная система образования через призму приоритетных идей «Рухани жаңғыру».....</i>	191
<i>Рихтер О. А., Роль учителя истории Казахстана в процессе модернизации сознания и формирования гражданских компетенций будущих специалистов.....</i>	194
<i>Салимжанова Э. Ж., Ильясова А. Т., Нургожина А. С., Өскелең ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастырудың негізгі шарты – педагог шеберлігі.....</i>	199
<i>Сейітқазы П. Б., Серикбаева Н. Б., Рахимғалиева П. С., Жоғары оқу орны студенттерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық шарттары.....</i>	202
<i>Смаглий Т. И., Силенко Е. А., Когнитивный стиль и проблема изучения иностранных языков.....</i>	207
<i>Смашова С. Ж., Қазақ тілін екінші тіл ретінде (орыс тілді сыныптары үшін) оқытудағы сөйлеу әрекетінің бірі – айтылым дағдысының ролі.....</i>	211
<i>Сүлейменова Ж. Т., Ақпараттық мәдениет түсінігінің мәні мен мазмұны.....</i>	214
<i>Танатканова С. С., Бутагарина А. И., Қонысбаева Р. С., Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармаларының тәрбиелік мәні.....</i>	217
<i>Түлебаева К. Т., Дене тәрбиесіндегі жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыру.....</i>	221
<i>Торғаева Г. А., Маркина З. Б., Кельдибаева Б. А., Ыбырай Алтынсарин өлеңдерінің ұлы ақындар шығармаларымен үндесуі Рухани жаңғыру бағдарламасының бүгінгі таңдағы өзектілігін арттыра түседі.....</i>	225
<i>Халыкова Г. А., Каппасова Ш. Е., Рухани жаңғыру бағдарламасының білім саласына енгізген өзгерістері.....</i>	228
<i>Хамзина К. Б., Ерекин А. М., Тағылымды тәрбие мен терең білімдегі жаңа мүмкіндіктер.....</i>	233
<i>Хамзина К. Б., Жаппар А. С., Рухани жаңғыру – білім саласындағы маңызды бетбұрыс.....</i>	237
<i>Шарипова Д. С., Краеведение как фактор патриотического воспитания учащихся.....</i>	240
<i>Шалгимбекова А.Б., Ермаганбетова А.Ж., Сәбитбек Ж.К., Адамзат ұрпағымен мың жасайды.....</i>	243
<i>Шалгимбекова А.Б., Салыкова Ә. Д., Жаңартылған білім мазмұны – жанашылдыққа бастама.....</i>	248